Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СЕРИЯСЫ

1997 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

TORAIGHYROV UNIVERSITY

ВЕСТНИК ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ СЕРИЯ

ИЗДАЕТСЯ С 1997 ГОДА

ISSN 2710-2661

№ 3 (2021)

ПАВЛОДАР

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО
о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания
№ KZ03VPY00029269
выдано
Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

https://doi.org/10.48081/FQUO1167

Бас редакторы – главный редактор
Бурдина Е. И.
д.п.н., профессор

Заместитель главного редактора — Абыкенова Д. Б., *PhD доктор*
Ответственный секретарь — Нургалиева М. Е., *PhD доктор*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Пфейфер Н. Э.,	*д.п.н., профессор*
Жуматаева Е.,	*д.п.н., профессор*
Абибулаева А. Б.	*д.п.н., профессор*
Фоминых Н. Ю.,	*д.п.н., профессор (Россия)*
Снопкова Е. И.,	*к.п.н., профессор (Белоруссия)*
Мирза Н. В.,	*д.п.н., профессор*
Донцов А. С.,	*доктор PhD*
Шокубаева З. Ж.,	*технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели
Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов
При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

© Торайгыров университет

FTAMP 14.29.41

https://doi.org/10.48081/NNSG4499

***Э. К. Ахметова, Н. Ш. Алметов**
М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті,
Қазақстан Республикасы, Шымкент қ.

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДА МҰҒАЛІМНІҢ АТА-АНАЛАРМЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ ФОРМАЛАРЫ

Мақала мектептегі инклюзивті білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруда мұғалімнің ата-аналармен педагогикалық ынтымақтастығының тиімді формаларын анықтауға арналған. Инклюзивті білім беруді ұйымдастыруда мұғалімнің мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-аналары мен өзара пайдалы әрекеттестігі мәселесіне арналған еңбектерге талдау жасалынып, оның мәні, маңызы және психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері айқындалған. Инклюзивті білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруда мұғалімнің ата-аналармен ынтымақтастығының шынайы педагогикалық іс-тәжірибедегі хал-күйіне талдау жасалынған. Мектеп мұғалімдерінің инклюзивті білім беруді ұйымдастыруда ата-аналармен педагогикалық ынтымақтастық бағытындағы құзыреттіліктерінің деңгейі, сондай-ақ, ата-аналардың отбасында мүмкіндігі шектеуі балаға педагогикалық қолдау көрсетуге қажетті тәжірибелік сипаттағы психологиялық-педагогикалық білімдері мен икемділіктерінің жеткіліксіздігі туралы тұжырым жасалынған. Сынып деңгейінде инклюзивті білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын мектеп пен отбасының педагогикалық ынтымақтастық хал-күйін анықтау мақсатында өткізілген диагностикалық процедуралар және олардың нәтижелері келтірілген. Инклюзивті білімді дамытудағы мұғалім мен ата-аналар ынтымақтастығын ұйымдастырудың формалары айқындалған. Инклюзивті білім беруді ұйымдастыруда мұғалімнің ата-аналармен ынтымақтастығын ныгайтудың жаңа мүмкінідіктері анықталған.

Кілтті сөздер: инклюзивті білім беру, педагогикалық ынтымақтастық, мұғалім құзіреттілігі, мектеп пен отбасының ынтымақтастығы, мұғалімнің ата-аналармен ынымақтастығы.

Кіріспе

Инклюзивті білім беру отандық білім беру жүйесін дамытудың маңызды тенденцияларының бірі. Соңғы жылдары осы бағытта нормативтік-құқықтық, ұйымдастырушылық-педагогикалық, әлеуметтік-психологиялық бағыттарда ауқымды іс-шаралар жүзеге асырылды. Дегенмен, инклюзивті білім беруді дамытуда өз шешімін күтетін мәселелер де аз емес. Мысалы, жалпы білім беретін мектептердің жаппай педагогикалық іс-тәжірибесінде инклюзивті білім әлі де кеңінен таралған жоқ. Инклюзивті білім берудің тиімділігіне әсер ететін жағдайлар толығымен жасалынды деуге келмейді. Олардың ішінде екі үлкен мәселе – мұғалімдердің инклюзивті білім беруді ұйымдастыру бағытындағы құзыреттіліктерінің жеткіліксіздігі, сондай-ақ ата-аналардың отбасында мүмкіндігі шектеулі балаларға қолдау көрсету мәселелері бойынша функционалды сауаттылығының төмендігі болып тұр. Инклюзивті білімді дамытуда мектеп пен отбасы ынтымақтастығының, ал инклюзивті білім беру бағарламалары жүзеге асырылатын сынып деңгейінде мұғалім мен ата-аналардың педагогикалық ынтымақтастығының мүмкіндігі зор, бірақ олар әлі де толық пайдаланылмай отыр.

Қазіргі таңда инклюзивті білім беруді дамытудың негізгі міндеттердің бірі – мұғалімдер мен ата-аналардың қарым қатынасын ұйымдастыруда жаңа бағыттарды, технологиялар мен формаларды қарастыру, отбасының тәрбиелік әлеуетін қалпына келтіру, отбасының қоғамдық, жеке және мемлекеттік құндылық ретінде дамуын қамтамасыз ету болып отыр [1, 69 б.].

Инклюзивті білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын мектепте оқушы – ата-ана, ата-ана – мұғалім, мұғалім – оқушы арасындағы қарым-қатынастың дұрыс қалыптасуы өте маңызды. Сонымен қатар, мүмкіндігі шектеулі бала мен дені сау балалардың ара қатынасы, олардың ата-аналарының инклюзивті білім беру туралы түсініктері мен оған көзқарастары, әсіресе дені сау балалардың отбасы тарапынан өз балаларымен бір сыныпта мүмкіндігі шектеулі баланың бірге білім алуын дұрыс қабылдауы немесе қарсылық танытуы сияқты кедергілер туындауы қалыпты жағдай. Бірақ, ата-ананың пікірі бала үшін әрқашан маңызды болары сөзсіз, олай болса қарсылық танытқан ата-аналардың балалары сыныптағы мүмкіндігі шектеулі сыныптасымен толықтай достық, мейірімділік қарым-қатынас құруға дайын ба? – деген сұрақ та туындауы мүмкін. Осы мәселелердің барлығын шешу мұғалімнің кәсіптік-педагогикалық құзіреттілігіне, ата-аналармен педагогикалық ынтымақтастық құру қабілетіне байланысты болмақ.

Аталған мәселенің жан-жақтылығын отандық, жақын және алыс шетел ғалымдарының ғылыми-зерттеу еңбектеріне талдау жасау барысында,

инклюзивті білім беру және мектеп пен отбасының педагогикалық ынтымақтастығы мәселелерін түрлі бағыттарда қарастырылғаны анықталды.

Мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беруді ұйымдастыру туралы шетелдік зерттеушілер Тони Буттың «Инклюзия көрсеткіштері» және Л. М. Шипицынаның «Әлемнің әртүрлі елдерінде дамуында проблемалары бар балаларды оқыту» монографияларында кеңінен қарастырылған [2].

Т. Гордонның отбасылық тәрбие моделінде, ата-аналар үш негізгі дағдыларды меңгеру керек деген: 1) белсенді тыңдау; 2) өз сезімдерін білдіру; 3) «отбасылық қарым-қатынаста екеуі де дұрыс» деген принципті іс жүзінде қолдану [3].

Ол ата-ана мен баланың арасындағы мәселені саралау керек, балаларға мәселені өз бетінше шешуге үйрету және проблемаларды шешу жолын іздестіру үшін жауапкершілікті біртіндеп баланың өзіне беру керек деп санайды.

Х. Джинот моделінің негізі – ата-аналарды баланың қажеттіліктеріне байланысты оқытуға, олардың көзқарастарын қайта бағыттауға деген ұмтылыс. Ол ата-ана тәрбиесі топтық консультациялар, терапия және нұсқаулық формасында жүзеге асырылады деді [4].

XX ғасырдың ұлы педагогтары А. С. Макаренко, Н. К. Крупская, В. А. Сухомлинскийлердің еңбектерінде отбасы тәрбиесі мәселелеріне ерекше көңіл бөлінген.

А. С. Макаренко «Балаңыздың тәрбиесі жөнінде біреуден ақыл сұрауыңыз,өз балаңызды жақсы танымағаныңыз. Алдымен жақсы танысаңыз, содан кейін кеңес алыңыз» – деген болатын [5, 55 б.].

А. С. Макаренко тәрбиедегі ата-ана беделінің бірнеше түрлерін атап өткен болатын: «Басу беделі», «Мейірімділік беделі», «Сатып алу беделі», «Менмендік беделі», «Арақашықтық беделі», «Тақуалық беделі» т.б. [5, 9 б.].

Ұлы Абай Құнанбайұлы былай деген: «Балаға көбінесе үш алуан адамнан мінез жұғады. Біріншісі – ата-ана, екіншісі – ұстазынан, үшіншісі – жолдасынан. Солардың ішінде қайсысы жақсы көрсе, сонысынан көбірек жұғады. Адам сүйген адамының ғана ақылын ұғынады, содан тағылым алады» [6].

Атап айтқанда, З. А. Мовкебаеваның «Тиімді инклюзивті білім берудің жолындағы басты кедергі – білім беру мекемелері педагогтарының осы үдеріске білікті дайындығының төмендігі», – деген қорытындысына толық келісуге болады [7, 6 б.].

Зерттеу әдістері

Қазіргі қоғамда инклюзивті білім беруді жүзеге асыру барысында отбасының бала тәрбиесіндегі маңыздылығын күшейту және арттыру

өзекті болып отыр. Ал, осы жаңа бағыттың оң нәтижелі болуы мектеп пен отбасының өзара әрекеттесуінің жаңа формалары мен әдістерін анықтап, мұғалімнің ата-аналармен педагогикалық ынтымақтастықты дұрыс қалыптастыруына байланысты.

Инклюзивті білім беруді ұйымдастыруда мұғалім мен ата-аналардың өзара әрекеттесуінің түрлі формалары пайдаланылады (Кесте 1).

Кесте 1 – Инклюзивті білім беруді ұйымдастыруда мұғалім мен ата-аналардың өзара әрекеттесу формалары.

Инклюзивті білім беруді ұйымдастыруда мұғалім мен ата-аналардың өзара әрекеттесу формалары		
Бақылау-диагностикалық формалар (мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыста мектеп пен отбасы ынтымақтастығының халкүйі мен тіиімділігін анықтау)	Коммуникативті формалар (отбасында ата-аналардың мүмкіндігі шектеулі балалармен оқу-тәрбиелік бағыттағы іс-қимылдарын педагогикалық қолдау)	Іс-әрекеттік формалар (мектеп пен отбасы арасындағы қарым-қатынасты ұйымдастыру, мұғалымнің мүмкіндігі шектеулі балалрдың ата-аналарымен жұмысын ұйымдастыру)
• мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыста мектеп пен отбасы ынтымақтастығының халкүйін анықтау; • мүмкіндігі шектеулі баланың отбасылық даму ортасын зерделеу; • педагогикалық-психологиялық сараптама; • мұғалім мен ата-аналар ынтымақтастығының нәтижелілігін анықтау және талдау.	• ата-аналарға психологиялық-педагогикалық білім беру; • ата-аналарға дәріс оқу, практикалық сабақтар; • мамандардың қатысуымен ата-аналарға арналған топтық кеңес беру; • оқушылардың ата-аналарымен әңгімелесуі; • ата-аналарға жеке кеңес беру.	• инклюзивті білім беру бағдарламаларын құруда ата-аналардың қатысуы; • сыныптағы барлық ата-аналарға инклюзивті білім берудің ортақ пайдасы туралы түсініктер беру мақсатындағы сұхбаттар; • мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-аналарына отбасында оңтайлы оқу-тәрбиелік орта құру бойынша тренингтер өткізу; • отбасында мүмкіндігі шектеулі балаларды педагогикалық қолдау ортасын зерделеу; • инклзивті сыныпта ата-аналардың өзара пайдалы әрекеттестігін ынталандыру; • инклюзивті білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру мәселелерін бірігіп талдау; • мектеп пен отбасының бірлескен дәстүрлерін қалыптастыру; • мектептің отбасымен әлеуметтік жұмысы; • инклюзивті бағдарламаларды жүзеге асыру нәтижелерін бірігіп талдау және қорыту.


Мектеп пен отбасы арасында педагогикалық ынтымақтастықты ұйымдастыру кезінде жоғарыда көрсетілген әрекеттесу формаларын пайдалану қарым-қатынас құруды жүйелендіріп, дамытуға мүмкіндік береді. Жүйелі құрылған ынтымақтастық инклюзивті білім беруді дамытуға, мұғалімдер мен ата-аналар және оқушылар арасындағы байланыстың тиімділігін арттыруға жол ашпақ.

Бүгінде мектеп пен отбасының педагогикалық ынтымақтастық деңгейін анықтау мақсатында инклюзивті білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын мектепте мұғалімдер мен ата-аналардың инклюзивті білім беру

туралы түсініктерін, оған көзқарастарын және инклюзивті білім беру үрдісін ұйымдастыруда ата-аналардың рөлінің маңыздылығын зерттеуде мұғалімдер және ата-аналармен сауалнама, әңгімелесу, сұхбат, бақылау жұмыстары жүргізілді. Сауалнама жабық түрде өткізілді.

Зерттеу нәтижелері және оларды талдау

Зерттеу кезінде мұғалімдер мен ата-аналардың инклюзивті білім туралы түсінігін анықтау мақсатында алдымен «Инклюзивті білім беру» ұғымын қалай түсінесіз? – деген сұраққа жауап алынды.



Сурет 1 – Мұғалімдер мен ата-аналардың инклюзивті білім беру туралы түсініктері (% есебінде)


Мұғалімдердің 52 % және ата-аналардың 40 % «мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы жеке білім беруді қамтамасыз ету» деп жауап берді, ал мұғалімдердің 36 % және ата-аналардың 38 % «мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беру үрдісіне ендіру» деп дұрыс нұсқаны белгілесе, мұғалімдердің 12 % және ата-аналардың 22 % «Мүмкіндігі шектеулі балалардың үйден білім алуын қамтамасыз ету» деп жауап берді.

Сауалнама нәтижесінен көріп отырғандай ата-аналар мен мұғалімдердің басым бөлігі «инклюзивті білім беру» ұғымын толықтай түсінбейтінін байқадық, яғни оның мақсаты мен міндеттерін де ажырта алмауы мүмкін. Білім берудің кез-келген үрдісін ұйымдастыруда оны жан-жақты зерттеу және мақсаты мен міндеттерін ажырата білу сол жүйенің оң нәтиже беруіне тікелей байланысты.

Мұғалімдер мен ата-аналардың бірнеше пайызы мектепте мүмкіндігі шектеулі балаларға берілетін кез-келген оқыту түрін (яғни, арнайы оқыту мен үйден оқытуды) да инклюзивті білім беру үрдісі деп түсінетінін байқадық.

Мұғалімдердің бұл ұғымды дұрыс түсінбеуінің бірнеше себептері болуы мүмкін, мысалы мектеп мұғалімдерінің жоғарғы оқу орындарында білім

алу барысында, «инклюзивті білім беру» бойынша дәрістердің оқылмауы және бүгінде мектеп мұғалімдерінің педагогикалық біліктілігін арттыру қызметінің толықтай қамтамасыз етілмеуі де мәселе болып отыр.



Сурет 2 – Мұғалімдердің инклюзивті білім берудегі қабілеті, қазіргі мектептегі инклюзивті білім беру деңгейін және оқу-тәрбие үрдісіне ата-аналардың қатысуын бағалауы (% есебінде)


Инклюзивті білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын мектеп мұғалімдерінің инклюзивті білім берудегі қабілетін, қазіргі мектептегі инклюзивті білім беру деңгейін және оқу-тәрбие үрдісіне ата-аналардың қатысуын бағалауы төмендегідей нәтиже көрсетіп отыр. Мұғалімдер мектептегі инклюзивті білім беру деңгейін бағалауда 50% жоғары, 44% орташа, 6 % төмен деген баға берді.

Сонымен қатар, мұғалімдерге «Инклюзивті білім беруде мүмкіндігі шектеулі балалармен және олардың ата-анасымен жұмыс жасау бағытындағы кәсіби біліктілігіңізді қалай бағалар едіңіз?» деген сұраққа мұғалімдердің 60 % жоғары, 36 % орташа, 4 % төмен деп жауап берді. Яғни, мұғалімдердің басым көпшілігі мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жүргізуге және ата-аналармен педагогикалық ынтымақтастыққа дайын екенін мәлімдеп отыр.

Ал, сыныптағы оқу-тәрбие үрдісіне ата-аналардың қатысуын мұғалімдердің 56 % жоғары, 40 % орташа, ал 4 % төмен деңгейде деген баға берді.

«Инклюзивті білім беруде кәсіби біліктілігіңізді қалай бағалар едіңіз?» деген сұраққа мұғалімдердің басым бөлігі инклюзивті білім берудегі кәсіби біліктіліктерін жоғары бағалаған. Бірақ, осы тұста алдыңғы 1-суреттегі көрсеткіштерді ескеру маңызды. Өйткені, мұғалімдердің барлығы бірдей

«Инклюзивті білім беру» ұғымын толық түсінбейтіні анықталған болатын. Яғни, мұғалімдердің біршамасы жалпы мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жүргізу қабілетінің деңгейін көрсеткен болуы ықтимал. Ал, инклюзивті білім берудің айырмашылығы бір сыныпта қалыпты дамып келе жатқан дені сау бала мен мүмкіндігі шектеулі баланың бірге білім алып, тәрбиеленуі. Және осы балалардың ата-аналарымен қарым-қатынас құруда мұғалімнің жоғары педагогикалық-психологиялық тұрғыда дайындығы жеткілікті болу қажет.



Сурет 3 – Мұғалімдердің инклюзивті сыныптағы балардың қарым-қатынасына ата-аналардың рөлінің маңыздылығын бағалауы (% есебінде)

Мұғалімдерге «Инклюзивті білім берілетін сыныптағы балалардың қарым-қатынасында ата-аналардың рөлі маңызды ма?» деген сұраққа жауап алынды. Респонденттердің 50 % өте маңызды, 20 % маңызды емес, 6 % еш қатысы жоқ деп жауап берді.

Мұғалімдердің көп бөлігі инклюзивті білім берілетін сыныптағы балалардың қарым-қатынасында ата-аналардың рөлі өте маңызды деп санайды. Бірақ, олардың 5/1 бөлігі маңызды емес және еш қатысы жоқ деп есептейтін мұғалімдердің де табылуы ынтымақтастықтың тежелуіне себеп болуы мүмкін деп қарастыруға болады. Бұл мұғалімдер инклюзивті білімді ұйымдастыруда ата-аналармен педагогикалық қарым-қатынас құруға маңыз бермейді.

Бірақ, көптеген зерттеу жұмыстары көрсеткендей мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарын жүргізуде отбасымен ынтымақтастық жоғары деңгейде болса, сәйкесінше нәтиже де жақсы болатыны дәлелденген.

Ата-аналармен жұмыс жасау барысында қолданылатын жұмыстың вариативті формалары:

– инклюзивті білім беру кеңістігінде отбасын психологиялық-педагогикалық қолдау.

– *өзара іс-қимыл нысаны бойынша* олар күндізгі және қашықтықтан болуы мүмкін (ата-аналар жиналыстары, консультациялар, семинарлар, мастер-кластар, ағартушылық буклеттер, ата-аналарға арналған on-line кабинеттер, сайттар, форумдар).

– *ата-аналардың қатысу дәрежесі бойынша* – жеке, ұжымдық (мамандардың баламен ашық сабақтары, әңгімелесулер, кеңестер, мерекелер, ата-аналар топтары, қауымдастықтар).

– *қызметке қосылу бойынша* – белсенді, пассивті (конкурстар, бос уақыт, тьюторлар ретінде білім беру процесіне қатысу, ашық қараулар).

– *пайдаланылған материалдың сипаты бойынша* – көрнекі, практикалық, ауызша (тақырыптық көрмелерді безендіру, отбасылық шеберлік сыныптары, буклеттер, сайттағы мақалалар).

– *пайдаланылатын технологиялар бойынша* – дәстүрлі және дәстүрлі емес (ашық есік күндері, ата-аналар жиналыстары, ата-аналарға арналған сайттар, технологиялық карталар, демалыс күндері маршруттары, балалар мен ата-аналарға арналған шығармашылық студиялар).

– *өзара әрекеттесу бағыты бойынша* – ақпараттық-ағартушылық, оқыту, білім беру, диагностикалық, бағалау-аналитикалық.

Жалпы білім беретін мектептерде оқитын мүмкіндігі шектеулі балалар жоғары академиялық деңгейде білім алу арқылы жоғарғы нәтижелерге жету мүмкіндігіне ие болады [8].

Инклюзивті білім беруде мектеп тарапынан жүргізілетін барлық ынтымақтастықтың (мектеп-отбасы, педагог-психолог-ата-аналар, мұғалім-ата-ана, мұғалім-оқушы, оқушы-отбасы, т.б) негізгі мақсаты – ол оқушылардың оқу-тәрбие жұмыстарында оң нәтижеге қол жеткізу. Сондықтан мұғалімдер осы мақсатқа кол жеткізу үшін ата-аналармен қарым-қатынастың түрлі формаларын меңгеру көзделіп отыр [9].

Қорытынды

Зерттеу нәтижесінде ***инклюзивті білім беруді ұйымдастыруда мұғалімның ата-аналармен ынтымақтастығын нығайтудың жаңа мүмкінідіктері*** анықталды, атап айтқанда:

– мүмкіндігі шектеулі ғана емес, қалыпты даму сатысындағы балалардың да ата-аналарының инклюзивті білім берудің барша үшін тиімді және артықшылықтары туралы негізгі түсініктерін қалыптастыру мақсатында офлайн сұхбаттар мен әңгімелер, онлайн форматдағы сапалы деректер мен материалдарды пайдалану;

– инклюзивті оқытудың тиімділігін мүмкіндігі шектеулі бала да, сынып оқушылар ұжымының да, ата-аналардың да шынайы нәтижелер арқылы пайымдауы мен мойындауына қол жеткізу тәсілдерін пайдалану;

– мұғалімнің мүмкіндігі шектеулі балалар отбасында ата-аналардың және оқушының даму бағытындағы іс-қимылдарын барынша психологиялық-педагогикалық қолдауы тәсілдерін пайдалану;

– инклюзивті білім беру бағдарламаларымен жұмыс істейтін сыныптар ата-аналарының ынтымақтастығын, өзара пайдалы әрекеттестігін ынталандыру және қолдау;

– ерекше қажеттілігі бар балалармен біріккен педагогикалық жұмыс формалары мен әдістерін, дараландырылған және топтық жұмыс тәсілдерін таңдауға ата-аналарды тарту;

– мүмкіндігі шектеулі балаларға мектептегі (сыныптағы) және отбасындағы педагогикалық әсерлердің сабақтастығы, мұғалім мен ата-аналардың іс-қимылдарының келісілгендігіне қол жеткізу.

Қорытындылай келе, инклюзивті білім беру жағдайында мүмкіндігі шектеулі баланың отбасымен өзара әрекеттесу, қарым-қатынас және ынтымақтастық жүйесін құру оны оқытудың, дамытудың және әлеуметтенудің маңызды шарттарының бірі екенін атап өткен жөн. Білім беру жүйесіне енгізілген кез келген жаңалықты қабылдауда және дамытуда ата-аналардың көмегіне жүгіну арқылы оң нәтижеге қол жеткізуге болады. Ол үшін ата-аналармен дұрыс ынтымақтастық құрып, енгізілген жаңалықтың тиімді нәтижесін көрсете білу маңызды. Инклюзивті білім беруде балалардың бойында достық, мейірімділік, толеранттық, жанашырлық т.б. жағымды қасиеттердің қалыптасу мүмкіндігінің жоғары екенін ескеру. Бұл жүйенің енгізілуі нәтижесінде отбасы тәрбиесінің, бала тәрбиесінің жаңа формалары қалыптасуы мүмкін.

Пайдаланған деректер тізімі

1 **Алметов, Н. Ш., Ахметова, Э. К.** Инклюзивті білім беруді ұйымдастыруда мектеп пен отбасының ынтымақтастығы. «Инклюзивті білім берудің психологиялық-педагогикалық аспектілері» халықаралық ғылымипрактикалық конференция материалдары. – Ақтөбе, 2019. – 282 б. – конференция еңбектері

2 **Бут, Т., Эйнскоу, М.** Показатели инклюзии: практическое пособие // Под ред. М. Вогана / пер. И. Аникеева. – Изд. 2-е. – М. : Центр исследований в обл. инклюзивного образования (CSIE), 2013. – 123 с. – кітап

3 **Гордон, Т.** Модель чувственной коммуникации. //http://www.vospityvaem.ru/roditeli/Model_chuvstvennoy_kommunikatsii.html – интернет дереккөзі

4 **Джинот, Х.** Модель групповой терапии. // https://scicenter.online/psihologiya-pedagogika-scicenter/model-gruppovyih-konsultatsiy.html - интернет дереккөзі

5 **Макаренко, А. С.** «Книга для родителей». Соч. в 7-ми т. Т.4. – М., 1957. – 184 с. – кітап

6 **Құнанбаев, А.** Қара сөздер. – Алматы : Ел, 1993. – кітап

7 **Мовкебаева, З. А.** Методические рекомендации по подготовке педагогов к внедрению инклюзивного образования. – Алматы : Дайкпресс, 2013. – 165 с.

8 **Finke, E. H., McNaughton, D. B., Drager, K. R.** All children can and should have the opportunity to learn»: General education teachers' perspectives on including children with autism spectrum disorder who require AAC. Augmentative and Alternative Communication, 2009. – 25(2). – P. 110–122.

9 **Лекерова А. А., Мовкебаева, З. А.** Подготовка будущего учителя общеобразовательной школы к работе с детьми с особыми образовательными потребностями / Абай атындағы ҚазҰПУ-ң Хабаршысы «Педагогика ғылымдары» сериясы, No2(66),

10 **Вазлеев, В. А.** Работа с семьей ребенка, включенного в инклюзивное образование // Аспекты и тенденции педагогической науки: материалы III Междунар. науч. конф. (г. Санкт-Петербург, декабрь 2017 г.). – СПб. : Свое издательство, 2017. – С. 115–117. – конференция еңбектері

References

1 **Almetov, N. Ş., Axmetova, É. K.** Ïnklyuzïvti bilim berwdi uyımdastırwda mektep pen otbasınıñ ıntımaqtastığı [Cooperation between school and family in the organization of inclusive education]. Materials of the international scientific-practical conference «Psychological and pedagogical aspects of inclusive education.» – Aktobe, 2019. – 282 p.

2 **But, T., Eynskou, M.** Pokazateli inklyuzii: prakticheskoye posobiye [Inclusion indicators: a practical guide] // Ed. M. Vaughan / trans. I. Anikeeva. – Ed. 2nd. – Moscow : Research Center in the region. inclusive education (CSIE), 2013. – 123 p.

3 **Gordon, T.** Model' chuvstvennoy kommunikatsii [Sensual communication model] //http://www.vospityvaem.ru/roditeli/Model_chuvstvennoy_kommunikatsii.html

4 Dzhinot, X. Model' gruppovoy terapii. [Group therapy model] // https://scicenter.online/psihologiya-pedagogika-scicenter/model-gruppovyih-konsultatsiy.html

5 **Makarenko, A. S.** «Kniga dlya roditeley» [About «Book for Parents»]. Op. in 7 volumes.T.4. – M., 1957. – 184 p.

6 **Qunanbaev, A.** Qara sözder [Words of edification]. – Almaty : El, 1993.

7 **Movkebayeva, Z. A.** Metodicheskiye rekomendatsii po podgotovke pedagogov k vnedreniyu inklyuzivnogo obrazovaniya [Methodical recommendations for training teachers for the implementation of inclusive education]. – Almaty : Daikpress, 2013. – 165 p.

8 **Finke, E. Kh., Maknoton, D. B., Drager, K. R.** Vse deti mogut i dolzhny imet' vozmozhnost' uchit'sya [All children can and should have the opportunity to learn] : General education teachers' perspectives on including children with autism spectrum disorder who require AAC. Augmentative and Alternative Communication, 2009. – 25(2). – P. 110–122.

9 **Lekerova, A. A., Movkebayeva, Z. A.** Podgotovka budushchego uchitelya obshcheobrazovatel'noy shkoly k rabote s det'mi s osobymi obrazovatel'nymi potrebnostyami [Podgotovka budushchego uchitelya obshcheobrazovatel'noy shkoly k rabote s det'mi s osobymi obrazovatel'nymi potrebnostyami] / Abay atyndagy KazKPU-ң Khabarshysy «Pedagogy of Kylymdary» series, No2 (66)

10 **Vazleyev, V. A.** Rabota s sem'yey rebenka, vklyuchennogo v inklyuzivnoye obrazovaniye [Working with the family of a child included in inclusive education] // Aspects and trends of pedagogical science: materials of the III Intern. scientific. conf. (St. Petersburg, December 2017). – SPb. : Own publishing house, 2017. – P. 115–117.

Материал 09.09.21 баспаға түсті.

**Э. К. Ахметова, Н. Ш. Алметов*
Южно-Казахстанский университет имени М. Ауезова,
Республика Казахстан, г. Шымкент.
Материал поступил в редакцию 09.09.21.

ФОРМЫ СОТРУДНИЧЕСТВА ПЕДАГОГА С РОДИТЕЛЯМИ ПРИ РЕАЛИЗАЦИИ ПРОГРАММЫ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Статья посвящена эффективным формам педагогического сотрудничества учителей и родителей в реализации инклюзивных образовательных программ в школе. На основе анализа литературы по

проблемам взаимовыгодного сотрудничества педагогов и родителей в организации инклюзивного образования, определена сущность, значение и педагогические особенности сотрудничества учителей с семьями учащихся с ограниченными возможностями. Дается анализ состояния педагогического сотурдничества учителей и родителей в реальной педагогической практике на основе эмпирического материала. Сделан вывод о недостаточном уровне сформированности профессиональных компетенций учителей в аспекте сотрудничества с родителями в сфере инклюзивного образования, о низком уровне психолого-педагогических знаний и умений родителей в аспекте поддержки детей с органиченными возможностями в инклюзивном образовании. Описаны диагностические процедуры и результаты анализа данных практики сотрудничества учителей и родителей в организации инклюзивного обучения. Определены эффективные формы организации педагогического сотрудничества учителей и родителей в реализации инклюзивных программ. Определены новые возможности организации инклюзивного обучения средствами усиления педагогического сотрудничеста учителей и родителей.

Ключевые слова: инклюзивное обучение, педагогическое сотрудничество, компетентность учителя, сотрудничество школы и семьи, сотрудничество учителей и родителей.

**E. K. Akhmetova, N. Sh. Almetov*
M. Auezov South Kazakhstan University,
Republic of Kazakhstan, Shymkent.
Material received on 09.09.21.

FORMS OF COOPERATION BETWEEN TEACHERS AND PARENTS IN THE IMPLEMENTATION OF INCLUSIVE EDUCATIONAL PROGRAM

The article is devoted to effective forms of pedagogical cooperation between teachers and parents in the implementation of inclusive educational programs at school. Based on the analysis of the literature on the problems of mutually beneficial cooperation between teachers and parents in the organization of inclusive education, the essence, significance and pedagogical features of cooperation between teachers and the families of students with disabilities are determined. he article analyzes the state of pedagogical cooperation between teachers and parents in real pedagogical

practice on the basis of empirical material. The conclusion is made about the insufficient level of formation of professional competencies of teachers in the aspect of cooperation with parents in the field of inclusive education, about the low level of psychological and pedagogical knowledge and skills of parents in the aspect of supporting children with organic opportunities in inclusive education. Diagnostic procedures and results of data analysis of the practice of cooperation between teachers and parents in the organization of inclusive education are described. Effective forms of organizing pedagogical cooperation between teachers and parents in the implementation of inclusive programs are identified. New possibilities of organizing inclusive education by means of strengthening pedagogical cooperation between teachers and parents are identified.

Keywords: inclusive learning, pedagogical cooperation, teachers competence, school-family cooperation, teacher-parent cooperation.

Теруге 09.09.2021 ж. жіберілді. Басуға 30.09.2021 ж. қол қойылды.
Электронды баспа
4,31 Mb RAM
Шартты баспа табағы 28,0.
Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.
Компьютерде беттеген З. С. Искакова
Корректоры: А. Р. Омарова
Тапсырыс № 3810

Сдано в набор 09.09.2021 г. Подписано в печать 30.09.2021 г.
Электронное издание
4,31 Mb RAM
Усл.п.л. 28,0. Тираж 300 экз. Цена договорная.
Компьютерная верстка З. С. Искакова
Корректор: А. Р. Омарова
Заказ № 3810

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.
8 (7182) 67-36-69
e-mail: kereku@tou.edu.kz
pedagogic-vestnik.tou.edu.kz